

Алматы шетел тілдері педагогикалық институтын Қазақ мемлекеттік әлем тілдері университеті етіп қайта құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1993 жылғы 23 маусым N 1283. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Алматы шетел тілдері педагогикалық институтының ғылыми-педагогикалық және интеллектуалдық әлеуетін неғұрлым тиімді пайдалану, оның материалдық-техникалық базасының, кадрлар әлеуетінің жеткіліктілігін ескере отырып, әлемдік тілдердің кең ауқымы бойынша мамандар даярлаудағы үлесін арттыру мақсатында қаулы етемін:

1. Алматы шетел тілдері педагогикалық институты Қазақстан Республикасының Білім министрлігі бөлген бюджет қаражаты шегінде Қазақ мемлекеттік әлем тілдері университеті болып қайта құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті халықаралық байланыстарды қаржыландыру, шетел әдебиетін, осы заманғы оқу-ғылыми жабдықтарын алу үшін Қазақ мемлекеттік әлем тілдері университетіне жыл сайын валюталық қаражат бөлуді қарастырсын.

3. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі Қазақ мемлекеттік әлем тілдері университетінің құрылымын, мамандықтардың номенклатурасын айқындасын, материалдық-техникалық жарақтандырылу мен кадрлар әлеуетін нығайту жөнінде шаралар қолдансын.

4. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі, Білім министрлігі Қазақ мемлекеттік әлем тілдері университетіне баспа қызметінің хұқын берсін және баспа кешенін құруға қажетті көмек көрсетсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті